## "2014 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 75 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 шілдедегі N 205 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 01 тамызда N 3433 болып тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 13.01.2015 N 6/480 хаты)

Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шығыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының 13.01.2015 N 6/480 хаты).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1-бабына сәйкес және «Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы № 381 қаулысын іске асыру мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2014 жылы тұқым шаруашылығын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы» Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3235, 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 45 (16982) «Дидар», 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 45 (19492) «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 2 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Облыс әкімінің міндетін атқарушы* | *Е. Көшербаев* |

| | |
|---|---|
| | Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы « 29 » шілдедегі № 205 қаулысына қосымша<br>Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 75 қаулысына 2 қосымша |

# Тұқым шаруашылықтары сатқан тұқымдарға берілетін субсидияның қалалар және аудандар бойынша 2014 жылға арналған көлемі

| р/с № | Қалалардың, аудандардың атауы | Субсидия көлемі, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | Семей | 53741 |
| 2 | Бородулиха | 35670,5 |
| 3 | Глубокое | 49649,4 |
| 4 | Ұлан | 50056,22 |
| 5 | Үржар | 8158,5 |
| 6 | Зайсан | 1125 |
| | Облыс бойынша | 198401 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК